

егемен

Азатстан

Өмірдің өзегінде

Журналист-жазушы Қайсар Әлімнің “Фолиант” баспасынан жуырда жарық көрген сегіз томдық шығармалар жинағының алғашқы кітабына “Сырбай мен Ғафу” эссе-хикаяты кірген. Онда қазақ жыр өлемі қос жұлдызының өмірлеріндегі көп ешкім біле бермейтін деректер тартымды детальдар арқылы өдемі өрілген.

Сондай-ақ автордың 1992 жылдың 1-18 қыркүйегі аралығында Торғай облысынан жасақталған арнаулы экспедиция құрамында болып, Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының мүрдесін 57 жылдан соң Карелияның Сосновец стансасындағы қабірден алып, туған топырағы — Жанкелдин ауданына әкеліп жерлеу сияқты теңдессіз оқиғаны арқау еткен “Міржақыптың оралуы. Возвращение из небытия” хикаят-сапарнамасы да тартымдылығымен ерекшеленеді.

Екінші томға кірген “Қоштаспаймыз, апа!” кітабына қаламгердің әр жылдары жазылған көркем және деректі шығармалары топтастырылған. Алты тағаннан тұратын: өңгімелер мен новеллалар, көсемсөздер мен фельетондар, рецензиялар мен қаз-қалпында секілді жанрларға жүйеленген дүниелер оқырмандар талғамынан шығатынына сенім мол. Мұндағы “Қара кемпір”, “Қаңбақ шал”, “Аңсау”, “Өгейлік”, “Кірпіштің сынығы”, “Күнә”, “Сүр” “Волга” сияқты өңгімелер кезінде оқырмандардан жақсы бағасын алған болатын.

Автордың “Чернобыль қаһарманы” хикаяты 1989 жылғы жарияланымда “кеңестік цензура” сүзгісімен тең жартысы қыс-

**Жанат ЕЛШІБЕК,
“Егемен Қазақстан”.**

қартылып басылғаны бар. Үшінші томға сол шығарма “Мәңгілік шер” деген бастапқы атауынан толық нұсқасында кіргізіліп отыр. Онда Чернобыль атомэлектр стансасындағы 1986 жылы болған апат өртен сөндіруде ерлік көрсеткен қостанайлық Леонид Телятниковтің (осы жанкиярлығы үшін ол Кеңес Одағының Батыры атанды) бейнесі жарқын сомдалған.

Ал, көлік апатына ұшырап, екі аяғы сал болып қалса да тілшілік қаламын тастамай “Торғайдың Маресьеві” атанған Қалиаскар Түктібаевтың өмірге құлшынысы “Мықшеге” хикаятына арқау болған.

Төртінші томда (“Жанығу” кітабы) тағдыр төлкегі мен қиындығына қасқая қарсы тұрып, өмірді мағыналы өткере білудің небір тамаша үлгі-өнегесін көрсеткен, сөйтіп, соңына өшпес із қалдырған айрықша таланат иелері мен біртуар тұлғалардың немесе қарапайым мамандық иелерінің азаматтық асыл бейнелері көркем бейнеленген.

“Сұлтанбек пен Бәтима” дастаны халық аузында жатталған жыр жақұттары санатына жатады. Бұл аталас екі жастың — арасындағы қайғылы махаббат оқиғасы Сәбит Мұқановтың “Адасқандар” (“Мөлдір махаббат”) романына арқау (Бүркіт пен Бәтес) болғаны белгілі. Бұрын баспа жүзін көрмеген бұл ғашықтық жырдың авторы —



Сұлтанбек Әбеуұлының өзі. Енді осы шығарма ел аузынан жиналып, екшелген күйінде қалың оқырманның көдесіне жарап отыр.

“Махаббат жыршысы” кітабының алтын арқауына Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік және А.А. Фадеев атындағы мемлекетаралық сыйлықтарының лауреаты Әзілхан Нұршайықов пен жазушы Қайсар Әлімнің 30 жыл бойғы (1975-2005 ж.ж.) хаттасулары негіз болған.

Бесінші томға аталмыш шығарманың бірінші кітабына енген “Халима: Махаббат маздағы”, “Тән шәрбәті”, “Мұнды мұңлық” бөлімдері ұсынылып отыр.

Алтыншы томға енген “Махаббат жыршысының” екінші кітабында “Жалғыз

жолаушы”, “Рухани өрлік” және “Қыздар — ұлт анасы” бөлімдерінің негізін атакты жазушы Әзілхан Нұршайықовтың махаббатпен өрілген парасатты бейнесі арқау болып, оның өнегелі өмір қырлары жарқын ашылған.

Жетінші томға қаламгердің жүйелі жүргізіп келе жатқан ғұмырнамалық күнделігі “Өз өрмерім” деген атпен сұрыпталған күйінде енгізіліпті. Мұндағы лейтмотив мынадай. Әр адамның өмір сүрген ортасы — заман бейнесін сомдайды. Осы тұрғыдан алғанда күнделік-хикаят XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, XXI ғасырдың алғы кезеңінің (1964-2007 ж.ж.) кескін-келбетін қарапайым қаламгердің өмірі, тағдыры мен талайы бедерінде сүзгіден өткізіледі.

Соңғы, сегізінші томның түпқазығы — библиографиялық баян немесе шығармашылық дерекнама. 14 кітап, 8 том қалай өмірге келді? 2 мыңдай әр түрлі жанрдағы туындылар қалай жазылды? Автордың әдеби жазбасымен жарық көрген кітаптар жөнінде не білеміз? Осының бәрінің сырына қанықтырады бұл том.

...Оқырмандарына айтып, жеткізетін ақиқаты мен тағылымы келісті кестеленген бұл томдардың руханият құндылығына қосқан үлесі сүбелі екендігіне шөк келтірмейміз.